

Калдияров Д.А.¹, Беделбаева А.Е.², Калдияров С.Д.³

¹э.ғ.д., профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: 77da@bk.ru

²экономика және бизнес магистрі, аға оқытушы, І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: aselya.mukatova@mail.ru

³«Экономика» мамандығының докторанты, Нархоз университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: s_kaldiyar@list.ru

**АЙМАҚТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН
АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инвестициялық тартымдылығының қажеттілігі көрсетілген. Инвестициялық шығындардың бюджеттік және бюджеттен тыс бөлігін алдын ала қалыптастыруға септігін тигізетін аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалау мен болжаудың өзектілігі анықталған. Жалпы аймақтық өнім көлеміне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді моделдеуге, ретроспективті және статистикалық мәліметтерді жүйелеуге негізделген зерттеу жаңалығы айқындалған. Теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері, сонымен қатар, математикалық моделдеу әдістері қолданылды. Аймақтың инвестициялық тартымдылығы мен оның құрамдастарын бағалау бойынша теориялық зерттеулерге талдау жасалған. Инвестициялық тартымдылықты, инвесторға қазіргі және болашақтағы уақытта аймаққа капиталды салу кезінде инвестициялық мүдделердің мүмкіндіктерін анықтау және шектеу бойынша аймақтық факторларды ескере отырып, шешім қабылдауға мүмкіндік беретін, экономикалық категория ретінде түсіну керектігі көрсетілген. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін жоғарылатуға және инвестициялық қызметті жоспарлауға мүмкіндік беретін, инвестициялық тартымдылықты бағалаудың жанама моделінің қажеттілігі анықталған. Регрессиялық-корреляциялық талдауды жүргізу үшін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің қажеттілігі анықталған. Жүйелік теорияның ережелерін қолданумен, атап айтқанда, элементтердің әртүрлілігі қағидаты мен олардың мақсатты бағдарлануымен әзірленген өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалаудың ұсынылған әдістемесі, әлуетті инвестор үшін өте бағалы болып табылады.

Түйін сөздер: инвестициялар, инвестициялық тартымдылық, тиімділік, бағалау, аймақ, әлеуметтік-экономикалық даму, көрсеткіш.

Kaldiyarov D.A.¹, Bedelbayeva A.E.², Kaldiyarov S.D.³

¹Doctor of Economics, Professor of the Department of Finance,
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: 77da@bk.ru

²Master of Economics and Business, Senior Lecturer of Department of Finance,
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: aselya.mukatova@mail.ru

³Doctoral student of «Economics», Narхоз University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: s_kaldiyar@list.ru

Methodology of determining the investment attraction of the region

The necessity of socio-economic development and investment attractiveness of the regions is shown. The urgency of an assessment and forecasting of investment attractiveness of the region, for advancing formation of budgetary and off-budget part of investment expenses is revealed. The novelty of the research consists in the systematization of retrospective and statistical data, modeling the impact of socio-economic development indicators on the volume of the gross regional product. Methods of theoretical and empirical research, as well as methods of mathematical modeling were applied. The analysis of existing theoretical studies on the investment attractiveness of the region and its components. It is shown that the investment attractiveness should be defined as an economic category, allowing a potential investor

to make judgment on the combination of regional factors and to determine the capabilities and limitations of the implementation of the investment interests in the investment of capital into the region in the present and future periods. The necessity of the model of indirect estimation of investment attractiveness allowing to plan investment activity and to raise the level of social and economic development of the region is revealed. Indicators of socio-economic development for the regression analysis were determined. The method of estimation of investment attractiveness of regions is offered, developed with application of provisions of the theory of systems, namely the principles of necessary variety of elements, minimum sufficiency and their target orientation which in turn is very valuable for the potential investor.

Key words: investment, investment attractiveness, efficiency, evaluation, region, socio-economic development, indicator.

Калдияров Д.А.¹, Беделбаева А.Е.², Калдияров С.Д.³

¹д.э.н., профессор, Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: 77da@bk.ru

²магистр экономики и бизнеса, старший преподаватель, Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: aselya.mukatova@mail.ru

³докторант специальности «Экономика», университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы, e-mail: e-mail: s_kaldiyar@list.ru

Методика определения инвестиционной привлекательности региона

Показана необходимость социально-экономического развития и инвестиционной привлекательности регионов. Выявлена актуальность оценки и прогнозирования инвестиционной привлекательности региона для опережающего формирования бюджетной и внебюджетной части инвестиционных расходов. Определена новизна исследования, заключающаяся в систематизации ретроспективных и статистических данных, моделировании влияния показателей социально-экономического развития на объем валового регионального продукта. Применялись методы теоретических и эмпирических исследований, а также методы математического моделирования. Проведен анализ имеющихся теоретических исследований по оценке инвестиционной привлекательности региона и ее составляющих. Показано, что инвестиционную привлекательность следует определять как экономическую категорию, позволяющую потенциальному инвестору выносить суждения по комбинации региональных факторов и определять возможности и ограничения реализации инвестиционных интересов при вложении капитала в регион в настоящем и будущем периодах. Выявлена необходимость модели косвенной оценки инвестиционной привлекательности, позволяющей планировать инвестиционную деятельность и повышать уровень социально-экономического развития региона. Определены показатели социально-экономического развития для проведения регрессионно-корреляционного анализа. Предложена методика оценки инвестиционной привлекательности регионов, разработанная с применением положений теории систем, а именно принципов необходимого разнообразия элементов, минимальной достаточности и их целевой ориентации, которая в свою очередь является весьма ценной для потенциального инвестора

Ключевые слова: инвестиции, инвестиционная привлекательность, эффективность, оценка, регион, социально-экономическое развитие, показатель.

Кіріспе

Аймақтық жағдайлар мен факторлардың әртүрлілігі экономикалық өсу қарқыны, жинақ көлемі, аймақтық тиімділік, халықтың өмір сүру деңгейі және т.б. жағдайлар белгілі бір аймақтық саралауды тудырады.

Қазақстанның әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасын қалыптастыруға бағытталған саясаттың сәтті жүргізілуі, айтарлықтай дәрежеде, өңірлердің инвестициялық тартымдылығының деңгейімен, инвестициялардың аймақтық орналасуы саласындағы басқарушылық шешімдерді әзірлеу және негіздеу сапасымен анықталады.

Өңірдің жағдайы неғұрлым жақсы болса, инвестициялар да соғұрлым тиімді жүзеге асырылады (Клос А., Элке В., Мартин В., 2005: б.1777). Сондықтан аймақ деңгейінде басқарушылық шешімдерді ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуде, аймақтардың инвестициялық тартымдылығын статистикалық бағалау мен болжау маңызды рөл атқарады (Бенжо М., Санчес-Роблес Б., 2003: б.530).

Аймақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыру саясаты мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде кеңінен талқыланып, олардың әлеуметтік-экономикалық дамыту және инвестициялық климатты жақсарту бағыттары стратегиялық құжаттарда, мемлекеттік бағдарламалар

мен нормативтік актілерде көрініс тапқандығын атап өткен жөн (Жон И., 2003: б.48).

Аймақтардың инвестициялық әлеуетін және даму тәуекелдерін түрліше бағалайтын бірқатар әдістер мен рейтингтік агенттіктер бар (Вебер О., Маркас Ф., Роланд Ш., 2008: б.149). Осыған байланысты, инвестициялық шығындардың бюджеттік және бюджеттен тыс бөлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін өңірдің инвестициялық тартымдылығын бағалау және болжау проблемаларын шешу өзекті болып отыр.

Аймақтардағы инвестициялық процессті реттеудің мақсаттары мен міндеттері табиғи жағдайлар, экономикалық мүмкіндіктер, экономикалық мамандандыруды ұтымды пайдалану негізінде олардың тиімді дамуын қамтамасыз етумен байланысты (Матс А., Болтон П., Самама Ф., 2016: б.15). Инвестордың белгілі бір жобаға инвестиция салу туралы шешім қабылдау сатысында тұрған ең маңызды міндеттерінің бірі – аймақтық жағдайларға сенімді баға беру, жобаны құрылыс нысанының ерекшеліктерімен салыстыру, жобалардың ішінен оңтайлысын анықтау үшін барлық нұсқаларына салыстырмалы талдау жүргізу болып табылады (Нофсинджер Дж., 2001:б.1339).

Инвесторларға, өңірлердегі ахуалды бағалау үшін ресми сараптамалық құралдардың жоқтығы кесірінен, белгілі бір аймақтың инвестициялық тартымдылығы туралы шешімді субъективті көзқарастары негізінде қабылдауға тура келеді (Лим С., 2006: б.2539).

Сондықтан отандық және шетелдік инвесторлар үшін аймақтардың тартымдылығын бағалаудың бірыңғай әдіснамасын әзірлеу, өңірлердің экономикасын дамытудың маңызды факторы болып табылады (Аллен Р., Летурно Х., Хебб Т., 2012: б.18).

Ғылыми басылымдарда «өңірлердің инвестициялық тартымдылығы» терминіне ғана емес, сондай-ақ инвестициялық тартымдылықтың статистикалық көрсеткіштері жүйесі туралы мәселеге де бірыңғай көзқарастар жоқ (Егорова Л.К., 2006: б.9). Аймақтардың инвестициялық тартымдылығын статистикалық зерттеу мәселесінің өзектілігі, оның теориялық және әдіснамалық аспектілердің жеткіліксіз дамуы осы зерттеудің тақырыбын таңдауды анықтады.

Зерттеудің мақсаты – өңірлердің инвестициялық тартымдылығын статистикалық бағалау әдістемесін әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің нысаны – Қазақстан экономиканың аймақтары мен өңірлері болып табылады. Зерттеудің пәні – қазақстандық өңір-

лердің инвестициялық тартымдылығын статистикалық бағалау әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау және талдау мәселелерінің бұрын-соңды қарастырылмаған сұрақтарын шешумен байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын және оған әсер етуші факторларды зерттеу отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, ғылыми әзірлемелеріне және ғылыми ұсыныстарына негізделген. Зерттеу барысында түсініктер, әдістемелік және анықтамалық материалдар, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму теориясы мен практикасы саласына арналған мерзімді басылымдардың мақалалары, зерттеушілер тобының жеке зерттеулері қолданылды.

Зерттеу барысында теориялық әдістер, атап айтқанда, талдау, синтездеу, салыстыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, сондай-ақ әдеби, ретроспективті және статистикалық талдаудың эмпирикалық әдістері қолданылды. Сонымен қатар, математикалық модельдеу әдістері кеңінен қолданыс тапқан.

Әдебиеттерге шолу

Ресейлік ғалымдар Алексеев В.Н., Асаул А.Н., Балдин К.В., Видиапин В.И., Злобин Б.К., Криворотов В.В., Лексин В.Н. Пасида Н.И., Сухинова С.Е., Тимофеев Р.А., Тихомирова И.В., Шеховцев А.О., Якупова Н.М. және т.б. көптеген өңірлердің инновациялық дамыту және инвестициялық тартымдылығын арттыру саласында белсенді зерттеулер жүргізді.

Э.И. Бей зерттеу жұмысында жаһандық экономикалық кеңістіктегі елдің жалпы бәсекеге қабілеттілігіне және ұлттық экономиканы дамытуға ықпал ететін элементтер ретінде, жеке аймақтардың инвестициялық тартымдылығын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік тәсілдерін әзірлеу қажеттілігі қарастырылған. Аймақтардың инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесі және бәсекеге қабілеттілікті арттыруда оны қолданудың тиімділігі көрсетілген (Бэй Э.И., 2009: б.34).

А.В. Бабанов пікірінше, аймақтардың инвестициялық тартымдылығын өңірлерде қолайлы икемді инвестициялық ахуалды қамтамасыз ететін динамикалық іскерлік ортада дамыту, жетілдіру және бейімдеу қажет. Автор инвестициялық әлеуетті инвестордың аймақтық факторларды үйлестіруге және ағымдағы және болашақтағы

кезендерде аймаққа капитал салу кезінде инвестициялық мүдделерді жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен шектеулерін айқындауға мүмкіндік беретін субъективті-объективті сипатқа ие экономикалық санат ретінде инвестициялық тартымдылықты анықтауды ұсынады (Бабанов А.В., 2013: б.19).

Р.А. Мустафин диссертациясында, инвестициялық кеңістікті бағалау кезінде аймақтың ішкі біртұтастығын, жекелеген субъектілердің даму жағдайының сәйкес келмеуін және тиісінше инвесторлар олардың әртүрлі тартымдылығын ескеру қажеттілігі көрсетілген. Автордың пікіріне сәйкес, аймақтағы жеке әкімшілік-аумақтық бірліктерді дамыту керек, сондай-ақ, инвестициялық саясатты және белгілі бір мақсатты бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру кезінде кез келген өңірлердің инвестициялық мүмкіндіктерін білу қажет. Жеке өңірлердің даму индексіне негізделген аймақты интегралды бағалау әдістемесі ұсынылған (Мусафин Р.А., 2014: б.15).

Т.И. Якименко зерттеу нәтижесі бойынша, экологиялық компоненттің аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін ескеру қажет. Аймақтың инвестициялық стратегиясы аймақтың ұзақ мерзімді тұрақты инвестициялық тартымдылығын қалыптастыруға бағытталған, бұл экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мүдделердің теңгерімді дамуын талап етеді. Экологиялық құрамдасты ескеретін инвестициялық әлеуетті немесе тәуекелді бағалаудың математикалық моделі мен жүйесі ұсынылған (Якименко Т.И., 2012: б.17).

М.С. Косухинаның пікірінше, аймақтың инвестициялық тартымдылығы өңірдің ұлттық инновациялық жүйені дамыту жолымен қалыптасуы тиіс, бұл инновациялық қызметтің түрлі қатысушыларының мүдделерін ескере отырып, отандық және шетелдік инвестициялардың ағындарын арттырады. Автор индикаторлардың теңгерімді жүйесі негізінде инвестициялық тартымдылықты есептеудің үлгісін ұсынады, атап айтқанда, индикатордың интегралды көрсеткіштерін қарастырған (Косухина М.С., 2013:б.14).

Осылайша, зерттеулердің басым бөлігі аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістерімен, тартымдылықты анықтайтын факторлардың санын және оны жетілдіру жолдарын анықтаумен, сондай-ақ аймақтың инвестициялық тартымдылығының елдің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуімен байланысты (Аснесс С., Фраззини А., Исраэль Р., Московитц Т., 2015: б.41). Алайда, аймақтың инвестициялық

тартымдылығының статистикалық көрсеткіштер жүйесі туралы мәселеге байланысты бірыңғай көзқарастар жоқ.

Нәтижелер мен талдаулар

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын басқарудың маңызды құралы, қажетті инвестициялық ресурстарды анықтау арқылы инновациялық тартымдылықты қалыптастыру бойынша ағымдағы және келешектегі шешімдерді жасауға мүмкіндік береді (Киселёва Е.А, Агапова Т.Н., 2013: б.93). Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін жан-жақты бағалаудың параметрлері ретінде жан басына шаққандағы көрсеткіштер алынады (Чан К., Лаконишок Дж., 2004: б.75).

Біз аймақтардың инвестициялық тартымдылығын анықтау үдерісін бірнеше кезеңдерге бөлуді ұсынамыз.

Бірінші кезең. Аймақтың инвестициялық тартымдылық көрсеткіштерінің иерархиялық құрылымдық сұлбасын құру.

Олардың әрқайсысы жеке көрсеткіштерді сипаттайтын, өңірдің инвестициялық тартымдылығына әсер ететін, факторлардың кеңейтілген топтарын қалыптастырды (Маккинси, 2011). Аймақтың инвестициялық тартымдылығын анықтайтын ең маңызды факторларды таңдағанда, келесі критерийлерді қолдануды ұсынамыз:

- 1) көрсеткіштер жүйесі аймақтың инвестициялық тартымдылығының әртүрлі аспектілерін, инвестордың табыстылығы мен тәуекелдерін сипаттайтын позицияларды көрсетуі тиіс;
- 2) көрсеткіштерді есептегенде қайталанатын ақпарат болмауы керек;
- 3) көрсеткіштер жүйесі өңірдің инвестициялық тартымдылығының сипаттамалары туралы нақты шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат беруі тиіс (Смаглюкова Т.М., 2010:б.117);
- 4) көрсеткіштер теориялық тұрғыдан негізделген болуы тиіс;
- 5) көрсеткіштер жүйесі оларды есептеудің қолжетімділігінің талаптарын қанағаттандыруға тиіс (Баранов В.В., 2004:б.14);
- 6) көрсеткіштер сенімді, яғни типтік процестерді (құбылыстарды) көрсететін ақпарат негізінде есептелуі тиіс;
- 7) көрсеткіштер саны жеткілікті, бірақ шамадан тыс болмауы керек, өйткені көптеген индикаторлар өңірдің инвестициялық тартымдылығының көрсеткіштерінің құрылымын күрделендіреді және оны жедел пайдалануды қиындатады (Бакитжанов А.Р., Филин С.У., 2011: б.11);

8) көрсеткіштер ұқсас объектілердің бірдей көрсеткіштерімен салыстыру сипатына ие болуы тиіс (Богатин Ю.В., 2012: б.131).

Аймақтың инвестициялық әлеуетін бағалау, аймақтағы өндірістік факторлардың қолжетімділігін, шаруашылық қызметтің нәтижелерін, ғылымның даму деңгейін және оның жетістіктерін, тұтынушылық сұранысты, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету сипаттамалары көмегімен іске асырылатындығын ескере отырып (Скотаренко О.В., 2013: б.823), біз аймақтың инвестициялық тартымдылығының маңызды құрамдас бөліктерін белгіледік, олар:

– аймақтың экономикалық әлеуетінің көрсеткіштері (1,2,3-формулалар), олар сондай-ақ, өндірістің, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымның жай-күйін сипаттайды (Спирос Б., Паникос Д., Мамунис Т., 2000: б.510);

– өндірістік және ресурстық әлеуетті пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері (4,5-формулалар);

– кәсіпкерлікті, инновациялар және шағын бизнесті дамыту көрсеткіштері (6,7,8-формулалар) – ақпараттық технологиялар негізінде кәсіпкерлікті дамыту көрсеткіштерінің блогы (Трофимов В.М., 2012:б.46);

– халықтың тұтыну деңгейі мен өмір сүру сапасының көрсеткіші, аймақтың инвестициялық тартымдылығын көп өлшемді бағалауға, экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік тиімділікті ескеруге мүмкіндік береді;

– инвестордың мүддесін сипаттайтын тәуекелдердің көрсеткіштері, яғни әлеуметтік және этносаралық қақтығыстардан, экономикалық, экологиялық, криминогендік және басқа қауіп факторларынан оның мүдделерін қорғау кепілдігінің деңгейін көрсетеді (Лаконишок Дж., Шлейфер А., Вишни Р., 1994: б.1552).

Қарастырылып отырған аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалаудың көрсеткіштер жүйесі, аймақ қызметінің барлық салаларын қамтиды.

Екінші кезең. Ақпарат жинау және оны алдын ала өңдеу.

Көрсеткіштердің әрқайсысы үшін, әр өңір бойынша, аймақтың i -индексі туралы ақпарат жинау қажет (Шапира З., Итжак В., 2001: б.1573).

Аймақтың экономикалық әлеуетінің көрсеткіштері.

$X11_i$ – ауыл шаруашылығы жерлері мен егістік жерлер («жер» факторы), млн тг.

Бұл көрсеткішті есептеу 1-формулаға сәйкес жүзеге асырылады:

$$X11_i = Sx_i \times CT_i / 10^3, \quad (1)$$

мұндағы, Sx_i – ауыл шаруашылық өндірісімен айналысатын жер пайдаланушылар пайдаланатын ауыл шаруашылығы алқаптарының және егістік алқаптарының алаңы, мың га;

CT_i – 1 гектар жердің кадастрлық құны, тг./га;

$X12_i$ – еңбек ресурстары (еңбек факторы), млн. Бұл көрсеткішті есептеу 2-формулаға сәйкес жүзеге асырылады:

$$X12_i = L_i \times w_i \times 12 / 10^3, \quad (2)$$

мұндағы, L_i – экономикалық белсенді халық саны, мың адам;

w_i – жалдамалы жұмысшылардың орташа айлық номиналды жалақысы, теңге;

$X13_i$ – негізгі құралдардың құны («капитал» факторы), млн тг.;

$X14_i$ – жалпы өңірлік өнім, млн. тг.;

$X15_i$ – бөлшек тауар айналымы, млн. тг.;

$X16_i$ – негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. тг.;

$X17_i$ – автокөлік жолдарының тығыздығы, км, 1 000 шаршы км-ге есептегенде;

$X18_i$ – пайдалы қазбаларды өндіру, млн. тг.;

$X19_i$ – электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу, млн. тг.;

$X10_i$ – жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттерінің саны, мың.

Бұл көрсеткішті есептеу 3-формуламен жүзеге асырылады:

$$X10_i = HC_i + HCU_i, \quad (3)$$

мұндағы, HC_i – орта арнайы оқу орындарының студенттерінің саны, мың адам;

HCU_i – жоғары оқу орындарындағы студенттер саны, мың адам.

2. Өндірістің аймақтық тиімділігінің көрсеткіштері.

$X21_i$ – бір жұмысшыға шаққандағы жалпы өңірлік өнімі, мың тг.

Бұл көрсеткіш 4-формула бойынша есептеледі:

$$X21_i = Y_i / Lz_i, \quad (4)$$

мұндағы, Y_i – жалпы аймақтық өнім, млн тг.;

Lz_i – экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам;

$X22_i$ – өткен жылмен салыстырғанда тауарлар мен қызметтердің өнеркәсіптік өндірісі индексі;

$X23_i$ – өткен жылдағы пайыздық үлеспен алғанда капитал салымдарының индексі;

$X24_i$ – халықтың ақшалай табыстары бойынша жинақ салымдарының үлес салмағы,%;

$X25_i$ – капиталдың өнімділігі (5-формула).

Бұл көрсеткіш 5-формула бойынша есептеледі:

$$X25_i = Y_i / K_i, \quad (5)$$

мұндағы, Y_i – жалпы аймақтық өнім, млн тг.;

K_i – негізгі құралдар құны, млн тг.

3. Кәсіпкерлікті, инновацияны және шағын бизнесті дамыту көрсеткіштері.

$X31_i$ – заңды тұлғаны құрмай жұмыс жасайтын кәсіпкерлер саны, 1000 адамға шаққанда халықтың саны.

Бұл көрсеткіш 6-формула бойынша есептеледі:

$$X31_i = LP_i \times 10^3 / HP_i, \quad (6)$$

мұндағы, LP_i – заңды тұлғаны құрмай жұмыс жасайтын кәсіпкерлер саны, мың адам;

HP_i – халық саны, мың адам;

$X32_i$ – 1000 тұрғынға шаққандағы шағын кәсіпорындар саны.

Бұл көрсеткіш 7-формула бойынша есептеледі:

$$X32_i = F_i \times 10^3 / HP_i, \quad (7)$$

мұндағы, F_i – шағын кәсіпорындардың саны, мың;
 $X33_i$ – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ұйымдардың саны;

$X34_i$ – зерттеу және әзірлеумен айналысатын қызметкерлер саны, адам;

$X35_i$ – жаһандық ақпараттық желілерді пайдаланатын ұйымдардың саны, зерттеу жүргізілген ұйымдардың жалпы санының %-ы;

$X36_i$ – экономиканың жеке және аралас секторларындағы инвестициялардың үлесі;

$X37_i$ – экономиканың жеке және аралас секторларында жұмыс істейтін адамдардың үлесі;

$X38_i$ – нарықтық инфрақұрылым салаларында жұмыс істейтін адамдардың үлесі;

$X39_i$ – 1000 тұрғынға шаққанда шаруа қожалықтарының саны.

Бұл көрсеткіш 8-формула бойынша есептеледі:

$$X39_i = FK_i \times 10^3 / HP_i, \quad (8)$$

мұндағы, FK_i – шаруа қожалықтарының саны, мың;

HP_i – халық саны, мың адам;

$X30_i$ – экономиканың жеке және аралас секторларында жасалған шарттық жұмыстардың үлесі.

4. Тұтыну деңгейінің және өмір сүру сапасының көрсеткіші.

$X41_i$ – бір айдағы халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табысы, теңге;

$X42_i$ – жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі мөлшері (жалпы халық), теңге 1 айда;

$X43_i$ – туу кезінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы (жалпы халық), жыл саны;

$X44_i$ – 1000 адамға дәрігерлік көмек көрсету;

$X45_i$ – жылына көкөніс пен бақшаны өнімдерін тұтыну, үй шаруашылығының 1 мүшесіне кг.;

$X46_i$ – ет және ет өнімдерін тұтыну, үй шаруашылығының 1 мүшесіне жылына, кг.;

$X47_i$ – жылына сүт және сүт өнімдерін тұтыну;

$X48_i$ – тұрғын үймен қамтамасыз етілу, адамға басына шаққандағы шаршы метр;

$X49_i$ – тұрғын үйдің ваннамен және душпен қамтамасыз етілуі,%;

$X410_i$ – қалалық тұрғындардың 1000 тұрғыны үшін тұрғын үйдің телефонмен қамтамасыз етілуі, дана;

$X411_i$ – үй шаруашылығының бір мүшесіне, тұрмыстық қызмет көрсету көлемі, теңге;

$X412_i$ – 1000 адам тұрғынға шаққанда көліктердің саны.

5. Инвестициялық тәуекел көрсеткіштері.

$X51_i$ – шығынды кәсіпорындардың үлес салмағы,%;

$X52_i$ – мерзімі өткен кредиторлық берешектің жалпы қарызға қатысты %;

$X53_i$ – күнкөріс минимумынан төмен табыстары бар халықтың үлесі,%;

$X54_i$ – жұмыссыздық деңгейі,%;

$X55_i$ – зейнеткерлердің үлес салмағы,%;

$X56_i$ – халықтың ауруға шалдығуы, 1000 адамға шаққандағы саны;

$X57_i$ – нәресте өлімі, 1000 тірі туғанға шаққанда 1 жасқа дейін қайтыс болған балалардың саны;

$X58_i$ – ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуы, мың тонна;

$X59_i$ – 100 000 адамға шаққанда тіркелген қылмыстар саны;

$X510_i$ – 100 000 адамға шаққанда жол апатынан қайтыс болғандардың саны.

Үшінші кезең. Аймақтың инвестициялық тартымдылығының жеке көрсеткіштерінің таңдалған абсолюттік мәндерінен бір өлшем масштабына өту.

9-формуланы пайдаланып, зерттелетін жеке көрсеткіштердің абсолютті мәндерін өлшемсіз шкалаға айналдырамыз. Көрсеткіштердің салыстырмалы мәндерін алу үшін негіз болып, сарапшылардың субъективті жорамалдары емес,

зерттеу нысандарының жоғары нәтижелері алынады:

$$t_{ijq} = \frac{x_{ijq}}{\max(x_{ijq})}, i = \overline{1, n}, j = \overline{1, k}, q = \overline{1, m_j} \quad (9)$$

мұндағы, i – бұл аймақтың нөмірі;

j – көрсеткіштердің іріленген тобының нөмірі;

q – топтағы көрсеткіштің нөмірі;

n – өңірлердің саны;

k – көрсеткіштердің іріленген топтарының қалыптастырылған саны;

m_j – j -ші топтағы іріктелген көрсеткіштердің саны;

x_{ijq} – j -ші топтағы i -ші аймақтың q көрсеткішінің натуралды мәні;

t_{ijq} , $0 < t_{ijq} \leq 1$ – j -ші топтағы i -ші аймақтың q көрсеткішінің өлшемсіз бірліктеріндегі мәні.

Төртінші кезең. Факторлардың әр тобында аймақтың кешенді көрсеткіші мен рейтингісін есептеу.

10-формуланы қолданып, кешенді көрсеткішті есептеп шығарамыз:

$$T_{ij} = \sum_{q=1}^{m_j} t_{ijq} \times p_{ijq}, 0 < T_{ij} \leq 1, \quad (10)$$

мұндағы, T_{ij} – j -ші топтағы i -ші аймақтың кешенді көрсеткіші болып табылады, оның ішінде:

T_1 – аймақтың экономикалық әлеуетінің кешенді көрсеткіші;

T_2 – аймақтық өндіріс тиімділігінің кешенді индикаторы;

T_3 – кәсіпкерлікті, инновацияны және шағын бизнесті дамытудың кешенді көрсеткіші;

T_4 – тұтыну деңгейі мен өмір сүру сапасының кешенді көрсеткіші;

T_5 – инвестициялық тәуекелдің кешенді көрсеткіші;

p_{ijq} – j -ші топтағы i -ші аймақтың жеке q -көрсеткішінің салмағы.

Бірінші кезеңде алынған экономикалық талдау нәтижелері бойынша, 1-4 топтарына жататын аймақтың инвестициялық тартымдылығының жеке көрсеткіштері, тек аймақтың дамуының жағымды жақтарын көрсетеді, яғни олар аймақтың инвестициялық әлеуетін сипаттайды. 5-топқа жататын көрсеткіштер инвестициялық тәуекелді сипаттайды, яғни аймақтың дамуындағы жағымсыз үрдістерін көрсетеді (Райская Н.Н., Сергиенко Я.В., Френкель А.А., 2007: б.53).

Бесінші кезең. Инвестициялық әлеуеттің кешенді көрсеткіші мен рейтингтік бағалауын анықтау.

Аймақтың инвестициялық әлеуетін кешенді бағалау, кешенді көрсеткіштердің ең жақсы мән-

дерінен ауытқулардың орташа өлшенген мәнін пайдалана отырып, 11-ға сәйкес анықталады:

$$T_i^* = 1 - \sqrt{\sum_{j=1}^4 (1 - T_{ij})^2 \times p_j^*}, \quad (11)$$

мұндағы, T_i^* – i -ші аймақтың инвестициялық тартымдылығының кешенді бағасы;

p_j^* – инвестициялық әлеуетті кешенді бағалау кезінде j -ші топтың i -ші аймақтың кешенді көрсеткішінің салмағы.

Инвестициялық әлеуеттің рейтингтік бағасын анықтау үшін алынған нәтиженің мәндерін кему ретімен орналастырамыз. Бірінші орынға кешенді көрсеткіштің ең жоғары мәні бар аймақ тағайындалады.

Алтыншы кезең. Аймақтың инвестициялық тартымдылығының интегралды және рейтингтік бағасын анықтау.

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын интегралды бағалау 12-формула бойынша есептеледі:

$$T_i = 1 - \sqrt{\sum_{j=1}^4 (1 - T_{ij})^2 \times p_{ij} + T_{i5}^2 \times p_{i5}}, \quad (12)$$

мұндағы, T_i – i -ші аймақтың инвестициялық тартымдылығын аралық бағалау;

p_{ij} – аймақтың инвестициялық тартымдылығын интегралдық бағалауда j -ші топтың i -ші аймақтың кешенді көрсеткішінің салмағы.

Есептелген мәндердің төмендеуіне байланысты рейтинг бағаларын тағайындаймыз. Бірінші орын интегралды бағасы ең жоғары мәнге ие аймаққа тағайындалады.

Көрсеткіштердің салмағы инвестициялық мақсаттарды есепке ала отырып, нәтижелерді әрі қарай статистикалық әдістермен өңдеу немесе зерттелетін процестің экономикалық мазмұнды талдауын жүргізу арқылы сараптамалық сауалнама жүргізу арқылы анықталады (Дарем Дж., Бенсон Дж., 2004: б.301).

Әрбір әлеуетті тәуекелдің салмағы жиынтық әлеуетке және жиынтық тәуекелге бағалау инвестордың қалауы бойынша өзгеруі мүмкін.

Қорытынды

Жүйелік теорияның ережелерін қолданумен әзірленген өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалаудың ұсынылған әдістемесі, әлеуетті инвестор үшін өте бағалы болып табылатын бірқатар артықшылықтарға ие:

– ақпараттың қолжетімділігі – аймақтың инвестициялық тартымдылығының интегралдық

және рейтингтік бағасы өңірлердің статистикалық мәліметтерінде жарияланған статистикалық көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады;

– ақпараттың толықтығы – аймақтың инвестициялық тартымдылығының әр түрлі аспектілерін сипаттау үшін тек қырық жеті статистикалық көрсеткіштер пайдаланылады: экономикалық әлеует; аймақтық тиімділік; кәсіпкерлікті, инновацияны және шағын бизнесті дамыту; тұтыну деңгейі және өмір сүру сапасы; инвестициялық тәуекел;

– рейтингтік бағалау салыстырмалы болып табылады: зерттелген барлық өңірлердің нақты жетістіктерін ескереді;

– бұл әдісте есептеу алгоритмі, математикалық модельдердің мүмкіндіктері қолданылады;

– осы әдіспен есептелген инвестициялық тартымдылықтың жеке, күрделі және кешенді

көрсеткіштердің мәндері нөлден бірге дейінгі диапазонда орналасады, бұл өңірлерді салыстырмалы талдауды едәуір жеңілдетеді және тек артта қалған өңірлерде ғана емес, сондай-ақ жетекші орынды иеленетін өңірлерде инвестициялық тартымдылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалаудың ұсынылған әдіснамасын қолдану бір жағынан, мемлекеттік және басқару органдарына өңірдің экономикалық қызметіндегі кемшіліктерді анықтауға, оларды жоюға және инвестициялық ресурстарды тарту мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, осы әдіс негізінде жүргізілген өңірлердің инвестициялық тартымдылығын талдай отырып, әрбір стратегиялық инвестор өз мүддесін ескеріп, оның қызығушылығын тудыратын инвестициялық объектіні таңдай алады.

Әдебиеттер

Аллен Р., Летурно Х., Т.Хебб. (2012). Қазба секторында акционерлердің қатысуы. Тұрақты қаржыландыру және инвестициялар журналы, 2 (1): 3–25.

Андерсон, Матс, Патрик Болтон, Фредерик Самама. (2016). Климаттық тәуекелдерді хеджирлеу. Қаржылық сарапшылар журналы, 72 (3): 13–32.

Аснесс С., Фраззини А., Исраель Р., Московитс Т. (2015). Дәйек, жалған және инвестициялау көлемі. Қоржынды басқару журналы, – №3. – Б. 34-52.

Бабанов А.В. (2013). Аймақтың инвестициялық тартымдылығын басқару механизмін дамыту: дисс. авторефераты. ... эк.ғыл.канд.: 08.00.05. – Мәскеу. – 26 б.

Бақитжанов А.Р., Филин С.У. (2011). Аймақтың инвестициялық тартымдылығы: әдістемелік нұсқаулар мен бағалау. Ресейдегі инвестициялар. – № 5. – Б. 11–12.

Баранов, В.В. (2004). Инвестициялардың тиімділігін бағалау және инвестициялаудың негізгі себептерін талдау. РФ мүліктік қатынастары. – № 2 – Б. 14-20.

Бей Э.И. (2009). Аймақтардың инвестициялық тартымдылығы Ресейдің ұлттық экономикасын дамыту факторы ретінде: дисс. авторефераты. ... эк.ғыл.канд.: 08.00.05 – Мәскеу. – 189 б.

Бенжо Марта, Санчес-Роблес Бланка. (2003). Тікелей шетел инвестициялары, экономикалық өсім және еркіндік: Латын Америкасының жаңа мәліметтері. Саяси экономиканың Еуропалық журналы, Эльзевир. 19(3); 529-545

Богатин, Ю.В. (2012). Инвестициялық талдау. – М.: ЮНИТИ-ДАНА. – 286 б.

Булгакова Л.Н. (2014). Аймақтар мен кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістері. Қаржы және несие. – № 15 (153). – Б. 57-62.

Вебер Олаф, Маркас Фенхель, Роланд Шольц. (2008). Еуропалық банктердің несиелік тәуекелдерін басқару үдерісінде экологиялық тәуекелдерді интеграциялауды эмпирикалық талдау. Бизнес стратегиясы және қоршаған орта, 17 (3): 149–159.

Дарем, Дж., Дж. Бенсон. (2004). Тікелей шетел инвестицияларының және шетелдік қоржындық инвестициялардың акционерлік капиталының экономикалық өсімге әсері. Еуропалық экономикалық шолу, Эльзевир, 48(2): 285-306.

Егорова Л.К. (2006). Аймақтың инвестициялық тартымдылығын басқару: дисс. авторефераты. ... эк.ғыл.канд.: 08.00.05. Мәскеу. – 173 б.

Жон Иль Чо. (2003). Экономикалық өсімге тікелей шетел инвестициялары және жалпы ішкі инвестициялар әсер етеді ме? Экономикалық дамуға шолу. 7(1):44-57.

Киселёва Е.А., Агапова Т.Н. (2013). Вологда облысының инвестициялық климатын салыстырмалы талдау. Сүтшаруашылығының Жаршысы. – №4 (12). – Б. 93 – 99.

Клос Александр, Элке Вебер, Мартин Вебре. (2005). Инвестициялық шешім және уақыт: тәуекелге бел буу. Басқару ғылымы. –Б. 1777-1790.

Косухина М.А. (2013). Ресейдің Солтүстік-Батыс аймағында инвестициялық тартымдылық пен инновациялық қызметті дамыту. дисс. авторефераты. ... эк.ғыл.канд.: 08.00.05. – Санкт-Петербург. – 27 б.

Лаконишок, Дж., А. Шлейфер, Р. Вишни. (1994). Қарама-қарсы инвестициялар, Экстрополяция мен тәуекел. Қаржы журналы, 5: 1541-1578.

- Лим Соня. (2006). Инвесторлар шығындарды біріктіріп, пайданы бөледі ме? Менталды есеп және инвесторлардың саудалық шешімдері. Бизнес журналы. 79: 2539-2573.
- Маккинси. (2011). Капитал тапшылығының пайда болуы: жаңа инвестициялық ландшафтта өсім мен тұрақтылық. http://www.mckinsey.com/insights/global_capital_markets/emerging_equity_gap (2015 шілдедегі жағдай бойынша)
- Мустафин Р.А. (2014). Заманауи геоақпараттық технологияларды қолдану негізінде аймақтардың инвестициялық тартымдылығын жоғарылату механизмін қалыптастыру: геогр. ғыл.канд. авторефераты: 25.00. 24. Пермь. – 20 б.
- Нофсинджер, Дж. (2001). Инвесторға бұқаралық ақпараттың әсері. Банк ісі және қаржы журналы. 25:1339-1366.
- Райская, Н.Н., Сергиенко, Я.В., Френкель, А.А. (2007). Аймақтардың инвестициялық тартымдылығының тәуелділігін эконометрикалық модельдеу. Статистика сұрақтары. – №10. – 50 – 54.
- Скотаренко О.В. (2013). Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін бағалаудың Ресейлік тәжірибесі. Қолданбалы зерттеулер. – № 1. – Б. 823-829.
- Смаглокова Т.М. (2010). Аймақтың инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесі. Экономикалық ғылымдар. – № 4. – Б. 117–119.
- Спирос Ботхис, Паникос О. Деметриадес, Теофанис П. Мамунес. (2000). Инфрақұрылым, мамандану және экономикалық өсім. Канада экономикалық журналы, Канада экономикалық Ассоциациясы, 33(2):506-522
- Трофимов В.М. (2012). Аймақтың инновациялық белсенділігін бағалау әдістерін дамыту: дисс. авторефераты.... эк.ғыл. канд.: 08.00.05. – Иркутск. – 160 б.
- Чан, К.С., Дж. Лаконишок. (2004). Шолу және жаңару. Қаржылық сарапшылар журналы, 1: 71-86.
- Шапира Зур, Итжак Венеция. (2001). Кәсіби басқарылатын және тәуелсіз инвесторлардың тәртіптерінің модельдері. // Банк ісі және қаржы журналы. 25:1573-1587.
- Якименко Т.И. (2012). Аймақтың инвестициялық тартымдылығының экологиялық құрауышын реттеу.: дисс. авторефераты. ... эк.ғыл.канд.: 08.00.05. Мәскеу. – 28 б.

References

- Allen, R., H. Letourneau, and T. Hebb. (2012). Shareholder Engagement in the Extractive Sector. *Journal of Sustainable Finance & Investment*, 2 (1): 3–25.
- Andersson, Mats, Patrick Bolton, and Frederic Samama. (2016). Hedging Climate Risk. *Financial Analysts Journal*, 72 (3): 13–32.
- Asness, C., A. Frazzini, R. Israel, and T. Moskowitz. (2015). Fact, Fiction and Value Investing. *Journal of Portfolio Management*, Vol. 42, No. 3 (Fall): 34-52.
- Babanov, A.V. (2013). Development of the mechanism of management of investment attractiveness of the region: autoreferat of diss.... Cand. Econ. sciences.: 08.00.05. –Moscow. -26 p.
- Bakitzhanov A.R., Filin, S.W. (2011). Investment attractiveness of the region: methodological approaches and assessment. *investment in Russia*. – No. 5. – P. 11-12.
- Baranov, V.V. (2004). Evaluation of the effectiveness of investments and analysis of the main motives of investment. *Property relations in the Russian Federation*. -№ 2 – pp . 14-20.
- Bay E.I. (2009). Investment attractiveness of regions as a factor of development of national economy of Russia: autoreferat of diss.... Cand. Econ. sciences: 08.00.05-Moscow. – 189 p.
- Bengoa, Marta & Sanchez-Robles, Blanca. (2003). Foreign direct investment, economic freedom and growth: new evidence from Latin America. *European Journal of Political Economy*, Elsevier, vol. 19(3), pp. 529-545
- Bogatin, Y.V. (2012). *Investment analysis*. -M.: YUNITI-DANA. – 286 p.
- Bulgakova L.N. (2014). Methods for assessing the investment attractiveness of enterprises and regions. *Finance and credit*. – No. 15 (153). – pp. 57-62.
- Weber, Olaf, Marcus Fenchel, and Roland W. Scholz. (2008). Empirical Analysis of the Integration of Environmental Risks Into the Credit Risk Management Process of European Banks. *Business Strategy and the Environment*, 17 (3): 149–159.
- Durham, J.B.J. Benson. (2004). Absorptive capacity and the effects of foreign direct investment and equity foreign portfolio investment on economic growth. *European Economic Review*, Elsevier, vol. 48(2), pp. 285-306
- Egorova L.K. (2006). Management of investment attractiveness of the region: autoreferat of diss.... Cand. Econ. sciences: 08.00.05. Moscow. – 173 p.
- Jong Il Choe. (2003). Do Foreign Direct Investment and Gross Domestic Investment Promote Economic Growth? *Review of Development Economics*, Wiley Blackwell, vol. 7(1), pp. 44-57.
- Kiseleva E.A., Agapova T.N. (2013). Statistical analysis of the investment climate in the Vologda oblast. *Dairy Herald*. – №4 (12). – pp. 93 – 99.
- Klos, Alexander, Elke Weber, Martin Webre. (2005). Investment decisions and Time Horizon: Risk Perception and Risk Behavior in Repeated Gambles. *Management Science*, pp. 1777-1790.
- Kosukhina M. A. (2013). Management of investment attractiveness of innovative activity in the Northwest region of Russia: autoreferat dis. ... cand. Econ. Sciences: 08.00.05. – S-Petersburg. – 27 p.
- Lakonishok, J., A. Shleifer, and R. Vishny. (1994). Contrarian Investment, Extrapolation, and Risk. *Journal of Finance*, Vol. 49, No. 5 (December): 1541-1578.
- Lim, Sonya Seongyeon. (2006). Do Investors Integrate Losses and Segregate Gains? Mental Accounting and Investor Trading Decisions. *Journal of Business*, 79, p. 2539-2573.
- McKinsey. (2011). The emerging equity gap: Growth and stability in the new investor landscape. [Online] Available at <http://>

www.mckinsey.com/insights/global_capital_markets/emerging_equity_gap (Accessed July 2015)

Mustafin R.A. (2014). Formation of mechanisms of increase of investment attractiveness of regions on the basis of application of modern geoinformation technologies: Diss abstract. cand. geogr. sciences.: 25.00. 24. Perm. – 20 p.

Nofsinger, John. (2001). The Impact of Public Information on Investors. *Journal of Banking and Finance*, 25, pp. 1339-1366.

Rayskaya, N.H. Sergienko, Y.V., Frenkel, A.A. (2007). Econometric modeling of dependence of investment attractiveness of regions. *Statistical questions*. – No.10. -pp 50 – 54.

Skotareno O.V. (2013). Russian experience in assessing the level of socio-economic development of the region. *Fundamental study*. – No. 1. – pp. 823-829.

Smagulov T.M. (2010). Methods of assessing the investment attractiveness of the region. *Economics*. – No. 4. – pp. 117-119.

Spiros Bougheas, Panicos O. Demetriades, Theofanis P. Mamuneas. (2000). Infrastructure, specialization, and economic growth. *Canadian Journal of Economics*, Canadian Economics Association, vol. 33(2), pages 506-522

Trofimov V.M. (2012). Development of methods for assessing the innovative activity of the region: autoreferat dis. ... cand. Econ. Sciences: 08.00.05. Irkutsk. – 160 p.

Chan, K.C., and J. Lakonishok. (2004). Value and Growth Investing: Review and Update. *Financial Analysts Journal*, Vol. 60, No. 1 (January/February): 71-86.

Shapira, Zur, Itzhak Venezia. (2001). Patterns of Behavior of Professionally Managed and Independent Investors. // *Journal of banking and Finance*, 25, p. 1573-1587.

Yakimenko T.I. (2012). Regulation of the environmental component of the region's investment attractiveness: Diss abstract. ... Cand. Econ. sciences: 08.00.05. Moscow. – 28 p.